

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің "Мемлекеттік органдар қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі Әдістемені бекіту туралы" 2025 жылғы 21 қазандағы № 111 және "Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің үлгілік регламенттерін бекіту туралы" 2026 жылғы 2 сәуірдегі №22 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 26 маусымдағы № 87 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік органдар қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі Әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 21 қазандағы № 111 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік органдар қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістемеде:

2-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) артық функция – мемлекеттік органның даму жоспарының, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдалы болып табылмайтын функция;"

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Мақсаттармен салыстыру және функцияларды саралау кезеңі.

Мақсаттармен салыстыру:

стратегиялық құжаттарға байланыстыру: функцияның мемлекеттік бағдарламалармен, ұлттық басымдықтармен, салаларды дамыту стратегияларымен, мемлекеттік органның, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарларымен байланысын талдау;

нысаналы индикаторлармен және KPI-мен байланыс: функцияны орындау нақты негізгі тиімділік көрсеткіштеріне (KPI) және мемлекеттік орган немесе сектор үшін белгіленген нысаналы индикаторларға қол жеткізуге қалай әсер ететінін анықтау;

салымды бағалау: стратегиялық міндеттерді шешуге және жаһандық мақсаттарға қол жеткізуге функцияның тікелей және жанама үлесін сандық және сапалық бағалау;

мақсаты: функцияның стратегиялық маңыздылығы мен өзектілігін, оның жалпы мемлекеттік саясатқа және ұзақ мерзімді жоспарларға сәйкестігін растауды қамтиды.";

31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Мемлекеттік органның артық функцияларын айқындау мақсатында функцияны мемлекеттік органның ережесінде белгіленген мемлекеттік органның міндеттеріне, мемлекеттік органның даму жоспарының, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына жатқызу орындалады.

32. Функцияны мемлекеттік органның даму жоспарының, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының ережесінде, мақсаттары мен нысаналы индикаторларында белгіленген міндеттерге жатқызу кезінде функцияны іске асырудың тікелей нәтижесін айқындау жөніндегі міндет орындалады.

33-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Функцияны іске асырудың тікелей нәтижесі ережеде белгіленген міндетке, мемлекеттік органның, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына сәйкестігіне салыстырып тексеріледі.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Егер функцияны іске асырудың тікелей нәтижесі ережеде белгіленген міндеттерге, мемлекеттік органның, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына сәйкес келмеген жағдайда, функция артық деп белгіленеді.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі реттеу салаларына (секторларына) сәйкес мемлекеттік органды және оның құрылымын айқындау үшін мемлекеттік орган қызметіне функционалдық шолу мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (секторындағы) мемлекеттік реттеудің жалпы схемасын (бұдан әрі – мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымы) қалыптастыру және функцияларын оның қызметі туралы ережеде және мемлекеттік органның даму жоспарларында және астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарларында белгіленген міндеттеріне талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.";

38-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) астананың (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары;"

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Мемлекеттік реттеудің жалпы схемасы қалыптастырылғаннан кейін мемлекеттік орган осы Әдістеменің 26, 27, 30, 31, 32, 33 және 34-тармақтарына сәйкес функцияларды мемлекеттік орган туралы ережеде белгіленген міндеттермен және мемлекеттік органның даму жоспарының немесе астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларымен салыстыруды жүргізеді.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Мемлекеттік орган уәкілетті органға қорытынды дайындау үшін қалыптастырылған мемлекеттік реттеудің жалпы схемасын және функцияларды ережеде белгіленген міндеттерге және мемлекеттік органның даму жоспарының және астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының мақсаттарына (нысаналы индикаторларына) талдау қорытындыларын ұсынады.";

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Мемлекеттік басқару жүйесінде реттеу салаларына (аяларына) сәйкес мемлекеттік органды және оның құрылымын айқындау мақсатында жүргізілген мемлекеттік органның қызметіне функционалдық шолу қорытындысын қалыптастыру кезінде мемлекеттік органның даму жоспарының және астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарының міндеттері мен мақсаттарына (нысаналы индикаторларына) мемлекеттік органның функцияларын талдау қорытындылары ескеріледі.".

2. "Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің үлгілік регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 2 сәуірдегі №22 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің үлгілік регламенттерін бекіту туралы";

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) әкімдігінің үлгілік регламенті";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің үлгілік регламентінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) әкімдігінің үлгілік регламенті";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) әкімдігінің үлгілік регламенті "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 26-бабына сәйкес әзірленді және астананың (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) әкімдіктері (бұдан әрі – әкімдік) отырыстарын дайындау және өткізу, әкімдіктің және астананың (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) әкімінің (бұдан әрі – әкім) актілерінің жобаларын дайындау және ресімдеу, сондай-ақ заңдардың, Қазақстан

Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің, әкімдіктің және әкімнің актілері мен тапсырмаларының орындалуын ұйымдастыру тәртібін белгілейді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әкім әкімдік құрамын әкім орынбасарларынан, әкім аппаратының басшысынан, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бірінші басшыларынан құрады.

Әкімдіктің дербес құрамын әкім айқындайды және астаналық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалық) мәслихат сессиясының шешімімен келісіледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әкімдіктің және әкімнің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) әкімінің аппараты (бұдан әрі – аппарат) жүзеге асырады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) әкімдігінің отырыстарын дайындау және өткізу";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Әкімдіктің отырыстарына Қазақстан Республикасы Құрылтайының, мәслихаттың депутаттары, аудандардың, қалалардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары және заңдармен, Президент және Үкіметтің актілерімен осындай құқық берілген өзге де лауазымды адамдар қатыса алады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) әкімдігі мен әкімі актілерінің жобаларын дайындау және ресімдеу";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Әзірлеуші Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты немесе кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын әкімдіктің қаулысын немесе әкімнің шешімін алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде әкімдік қаулысының немесе әкім шешімінің нақты мақсаттары, әлеуметтік-экономикалық және (немесе) құқықтық салдары, сондай-ақ олардың болжамды тиімділігі туралы ақпаратты қамтитын баспасөз релизін қазақ және орыс тілдерінде, қажет болған жағдайда өзге де тілдерде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің, әкімдіктің және әкімнің актілері мен тапсырмаларының орындалуын ұйымдастыру";

30, 31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің, әкімдіктің және әкімнің актілерінің орындалуын ұйымдастыру "Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауын дайындау және іске асыру, актілерімен және тапсырмаларымен жұмыс істеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, нормативтік құқықтық жарлықтарға мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысына, осы Регламентке және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Заңдар, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, әкімдіктің, әкімнің актілері мен тапсырмалары және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өз құзыреттері шегіндегі өзге де тапсырмалары бақылауға қойылады.

32. Атқарушы органдардың бірінші басшылары орындау үшін жіберілетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Премьер-Министрінің, әкімдіктің және әкімнің актілері мен тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.";

35 және 36-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Аппарат әкім айқындайтын тәртіппен заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, әкімдіктің және әкімнің актілері мен тапсырмаларының орындалу мерзімдерін бақылау бойынша қызметті қамтамасыз етуді жүзеге асырады."

36. Аппарат заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, әкімдіктің және әкімнің актілері мен тапсырмаларының орындалу барысы туралы әкімді тұрақты түрде хабардар ете отырып, олардың орындалуын бақылау бойынша әкімнің қызметін қамтамасыз етеді.

Әкімнің орынбасарлары, аппарат басшысы заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Үкіметтің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, әкімдіктің және әкімнің актілері мен тапсырмаларын орындаудың белгіленген тәртібінің өрескел бұзылу фактілері бойынша кінәлі лауазымды адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар енгізе алады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы Төрағасының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасарының, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы орынбасарларының қатысуымен өтетін кеңестерді қоспағанда, әкімдік мүшелері әкіммен немесе әкімнің міндетін атқарушы адаммен келісу бойынша әкімдік атынан орталық мемлекеттік органдардың кеңестеріне өздері қатысады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің үлгілік регламентінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің үлгілік регламенті "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабына сәйкес әзірленді және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктері (бұдан әрі – әкімдік) отырыстарын дайындау және өткізу, әкімдіктің және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі (бұдан әрі – әкім) актілерінің жобаларын дайындау және ресімдеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің, астана (облыс, республикалық маңызы бар қала), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің және әкімдерінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын ұйымдастыру тәртібін белгілейді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Әкімдіктің отырыстарына Қазақстан Республикасы Құрылтайының, мәслихаттың депутаттары, кенттердің, ауылдардың (селоардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері, сондай-ақ облыстық атқарушы және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары және заңдармен, Президент және Үкіметтің актілерімен осындай құқық берілген өзге де лауазымды адамдар қатыса алады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзірлеуші Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты немесе кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын әкімдіктің қаулысын немесе әкімнің шешімін алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде әкімдік қаулысының немесе әкім шешімінің нақты мақсаттары, әлеуметтік-экономикалық және (немесе) құқықтық салдары, сондай-ақ олардың болжамды тиімділігі туралы ақпаратты қамтитын баспасөз релизін қазақ және орыс тілдерінде, қажет болған жағдайда өзге де тілдерде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің, астана (облыс, республикалық маңызы бар қала), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің және әкімдерінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын ұйымдастыру";

30, 31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің, әкімдіктің және әкімнің актілерінің орындалуын ұйымдастыру "Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауын дайындау және іске асыру, актілерімен және тапсырмаларымен жұмыс істеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, нормативтік құқықтық жарлықтарға мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысына, осы Регламентке және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Заңдар, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің және әкімдерінің актілері мен тапсырмалары және лауазымды адамдардың өз құзыреттері шегіндегі өзге де тапсырмалары бақылауға қойылады.

32. Атқарушы органдардың бірінші басшылары орындау үшін жіберілетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің және әкімдерінің актілері мен тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.";

35, 36, 37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Аппарат заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің және әкімдерінің актілері мен тапсырмаларының орындалу мерзімдерін бақылау бойынша қызметті қамтамасыз етуді әкім айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

36. Аппарат заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің және әкімдерінің актілері мен

тапсырмаларының орындалу барысы туралы әкімді тұрақты түрде хабардар ете отырып, олардың орындалуын бақылау бойынша әкімнің қызметін қамтамасыз етеді.

Әкімнің орынбасарлары, аппарат басшысы заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің және әкімдерінің актілері мен тапсырмаларын орындаудың белгіленген тәртібінің өрескел бұзылу фактілері бойынша кінәлі лауазымды адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар енгізе алады.";

37. Әкім, әкімнің орынбасарлары, аппарат басшысы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде экономика салаларында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) әкімдігі және әкімі қойған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

38. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Құрылтайы Төрағасының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасарының, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы орынбасарларының, орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қатысуымен өтетін кеңестерді қоспағанда, әкімдік мүшелері әкіммен немесе әкімнің міндетін атқарушы адаммен келісуі бойынша әкімдік атынан орталық мемлекеттік органдардың кеңестеріне өздері қатысады."

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі*

С. Жумангарин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК